

**Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Бас хатшысының орынбасарын қаржылай қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 шілдедегі N 686 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 1103 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 1103 Қаулысымен.**

"Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының органдары туралы ережелер туралы" және "Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының кеңесі Хатшылығының саны, құрылымы және квоталық лауазымдарды Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер арасында бөлу туралы" Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі шешімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мәскеу қаласындағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Бас хатшысының орынбасарына 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрғын үй-жайды жалдағаны үшін айына 1300 (бір мың үш жүз) АҚШ доллары мөлшеріндегі сома б е к і т і л с і н .

**Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 4 тамыздағы N 738 қаулысымен (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы қаулының 1-тармағына сәйкес қаражатты жұмсау республикалық бюджетте 002 "Қарулы Күштер қызметінің негізгі түрлерін қамтамасыз ету" бағдарламасының 106 "Сыртқы саясат мүдделерін қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне көзделген қаражат есебінен жүргізіледі деп белгіленсін.

**Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 4 тамыздағы N 738 қаулысымен (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. "Т.Ы.Бұзыбаев туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 159 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 1

ш і л д е д е г і

№ 686 қаулысымен  
бекітілген

**Мәскеу қаласында Ұжымдық қауіпсіздік туралы  
шарт ұйымының Бас хатшысы орынбасарының қызметін  
қамтамасыз етуге байланысты шығыстар сметасы**

Шығыстар атауы		2003 жыл		
		Сомасы (айына АҚШ долл.)	бірінші жарты жылдық	екінші жарты жылдық
Ақшалай қамту	1400,0	8400,0	-	
Тұрғын үйді ұстау	1000,0	6000,0	6000,0	
Медициналық шығыстар	100,0	600,0	-	
Автокөлікке қызмет шығыстары	700,0	4200,0	-	
Жиыны:		3200,0		25200,0

Барлық шығыс - 25200,0 АҚШ доллары